

ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасының»
меңгерушісі: _____

БЕКІТЕМІН:

Айдаршаева К.П.



ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасы»
Ересек «ЖАУҚАЗЫН» (4 жастағы балалар) тобы
ҚАЗАҚ ТІЛІ бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспары
2025 - 2026 оқу жылы

Қазақ тілі мұғалімі: Сейлбекова Гүлнара

ЖШС «Оңалайық, балақай! бөбекжай-балабақшасы
Ересек «ЖАУҚАЗЫН» (4 жастағы балалар) тобы
ҚАЗАҚ ТІЛІ бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспары
2025 - 2026 оқу жылы

(Қазақ тілі-1, 36 сағат)

№	ҮІӨ тақырыбы	ҮІӨ мақсаты	Сөйлеуді дамыту тараптары	Сөздік жұмыс	Құрал-жабдықтар	Ойын мен жаттығулар	Сағат	Күні
1	Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар	Балалардың балабақша туралы білімдерін кеңейту, балабақша бөлмелерін, ондағы қызметкерлерді және ойыншықтарды қазақ тілінде дұрыс атауға үйрету. Амандасу, қоштасу, алғыс айту және өзін таныстыру үлгілерін күнделікті қарым-қатынаста еркін қолдануға жаттықтыру. Ойыншықтардың атауын, түсін, көлемін, пішінін сипаттап, қарапайым сөйлемдер мен шағын әңгіме құрастыруға үйрету. Тыңдалым, айтылым, диалогтік сөйлеу, есте сақтау және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Балабақшаға деген	Тыңдалым, айтылым, диалогтік сөйлеу, сөздік қорды молайту, тілдік қарым-қатынас	балабақша, қабылдау бөлмесі, ойын бұрышы, қуыршақ, құрастырғыш, достар	Тақырыптық плакаттар, ойыншықтар, интерактивті слайд, карточкалар	«Шеңбермен танысу», «Ойыншықты сипатта», «Кім жылдам?», тілдік сергіту	1	03.09.2025

		сүйіспеншілікке, достыққа, ұйымшылдыққа және ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.						
2	Менің жанұям мен туыстарым	Балалардың отбасы және туыстық қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы мүшелерінің және туыстық атаулардың қазақ тіліндегі атауларын дұрыс айтып, олар туралы қарапайым әңгіме құрастыруға үйрету. Отбасы мүшелерінің мамандығы, міндеттері мен бір-біріне қамқорлығы туралы өз ойын жүйелі жеткізуге жаттықтыру. Тыңдау, есте сақтау, сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке, үлкендерді құрметтеуге, кішіге қамқор болуға және сыйластыққа тәрбиелеу.	Айтылым, тыңдалым, монологтік сөйлеу, сөздік қор	немере, жиен, отбасы, қамқорлық, сыйластық	Отбасылық фотолар, мнемокарталар, үлестірмелер	«Отбасын құрастыр», «Кімге сыйлық?», сұхбат	1	10.09.2025
3	Уақыт. Тәулік бөліктері. Күн тәртібі	Балалардың тәулік бөліктері мен күн тәртібі туралы түсініктерін қалыптастыру және кеңейту. Таңертең, күндіз,	Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау	оянамын, демаламын, серуендеймін, кешкі ас, таңғы ас	Сағат макеті, күн тәртібі суреттері	«Қай уақытта?», «Ретін тап», «Күн тәртібін аяқта»	1	17.09.2025

		кеш, түн мезгілдеріне тән әрекеттерді қазақ тілінде дұрыс айтып, оларды ретімен әңгімелеуге үйрету. Уақытқа байланысты сөздерді сөйлеу барысында дұрыс қолдануға, сұрақтарға толық жауап беруге және қарапайым әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Логикалық ойлауын, есте сақтауын, байланыстырып сөйлеуін және сөздік қорын дамыту. Уақытты тиімді пайдалануға, ұқыптылыққа және күн тәртібін сақтауға тәрбиелеу.						
4	Қазақстан – менің Отаным. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	Балалардың Қазақстан Республикасы туралы білімдерін кеңейту. Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнұран және елорда туралы түсініктерін қалыптастырып, олардың атауларын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Отан, туған жер, туған өлке туралы қарапайым әңгіме құрастыруға, өз ойын жүйелі жеткізуге және сұрақтарға толық жауап беруге жаттықтыру.	Тыңдалым, айтылым, сөздік қор, мәнерлеп сөйлеу	астана, елорда, рәміз, тәуелсіздік, мемлекет	Карта, рәміздер, бейнематериал	«Рәміздерді сәйкестендір», «Менің елім», викторина	1	24.09.2025

		Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау және сөздік қорын дамыту. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, туған жерін сүйуге және патриоттық сезімге тәрбиелеу.						
5	Күз мезгілі. Алтын күз	Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін толықтыру және кеңейту. Күзгі табиғаттағы өзгерістерді бақылауға, ауа райын, күзгі еңбек түрлерін және табиғат құбылыстарын қазақ тілінде сипаттауға үйрету. Жаңа сөздерді дұрыс қолданып, сөз тіркестері мен қарапайым әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Байқағыштығын, есте сақтауын, байланыстырып сөйлеуін және танымдық қызығушылығын дамыту. Табиғатты сүйуге, қоршаған ортаны қорғауға және еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Айтылым, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу	қырау, егін, өнім, салқын, молшылық	Жапырақтар, табиғи материалдар, суреттер	«Күз себеті», «Белгісін тап», «Жапырақты орналастыр»	1	01.10.2025
6	Көгөністер мен жемістерді жинаймыз. Геометриялық	Балалардың көкөністер мен жемістер туралы білімдерін жүйелеу. Олардың атауларын, түсін, дәмін,	Тыңдалым, айтылым, салыстыру	төртбұрыш, домалақ, сопақ, бақша өнімі	Муляждар, пішіндер жиынтығы	«Себетті толтыр», «Пішінін таңда», «Не	1	08.10.2025

	пішіндер	пішінін және қайда өсетінін қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Геометриялық пішіндерді ажыратып, оларды күнделікті өмірдегі заттармен байланыстыруға, сөз тіркестері мен қарапайым сөйлемдер құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, салыстыру, байланыстырып сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамыту. Дұрыс тамақтануға, табиғат сыйын қадірлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.				өзгерді?»		
7	«Сиқырлы бауырсақтар». Ыдыстар	Балалардың нан өнімдері мен ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін кеңейту. Нанның дастарқанға дейінгі жолы, наубайшы еңбегі және ыдыстардың тұрмыстағы қызметі туралы түсініктерін қалыптастыру. Ыдыс атауларын қазақ тілінде дұрыс айтып, олардың қолданылуын сипаттауға және қарапайым әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздік қорын байытып, тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу және есте сақтау	Тыңдалым, айтылым, сөздік қор	астау, леген, ожау, табақша, кесе	Ыдыстар жиынтығы, нан өнімдері	«Дастарханды әзірле», «Не қайда салынады?», рөлдік ойын	1	15.10.2025

		қабілеттерін дамыту. Нанды қастерлеуге, еңбек адамдарын құрметтеуге, тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.						
8	Үй құстары мен жыл құстары	Балалардың үй құстары мен жыл құстары туралы білімдерін кеңейту. Құстардың атауларын, сыртқы ерекшеліктерін, тіршілік ету ортасын және адамға пайдасын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Үй құстары мен жыл құстарының айырмашылығын салыстырып, қарапайым сөйлемдер мен әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау және сөздік қорын дамыту. Табиғатты қорғауға, құстарға қамқорлық жасауға және мейірімділікке тәрбиелеу.	Тыңдалым, айтылым, салыстыру	ұя, жем, қауырсын, балапан, қоныс аудару	Құс макеттері, дыбыстық файлдар	«Құсты тап», «Ұясын тап», «Даусын тыңда»	1	22.10.2025
9	Не қалай дыбыстайды? Үй жануарлары мен төлдері. Ақырын – қатты	Балалардың үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін толықтыру. Жануарлардың атауларын, төлдерін, дыбыстарын және адамға тигізетін пайдасын қазақ	Фонематикалық есту, айтылым, сөздік қор	ақырын, қатты, мөңіреді, кісінеді, маңырады	Маскалар, дыбыс жазбалары	«Даусын тыңда», «Қатты- ақырын айт», «Төлін тап»	1	29.10.2025

		тілінде дұрыс айтуға үйрету. «Ақырын – қатты» ұғымдарын сөйлеу барысында дұрыс қолданып, дыбыстарды ажыратуға және сөйлемдер құрастыруға жаттықтыру. Фонематикалық есту қабілетін, есте сақтауын, байланыстырып сөйлеуін және сөздік қорын дамыту. Жануарларға қамқорлық жасауға, табиғатты аялауға және жауапкершілікке тәрбиелеу.						
10	Көліктер. Қала мен ауыл. Көп – аз	Балалардың көлік түрлері, қала мен ауыл туралы білімдерін кеңейту. Құрлық, су және әуе көліктерін ажыратып, олардың қызметін қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Қала мен ауылдың ерекшеліктерін салыстырып, «көп – аз» ұғымдарын сөйлеу барысында дұрыс қолдануға жаттықтыру. Сұрақтарға толық жауап беруге, қарапайым әңгіме құрастыруға және өз ойын жүйелі жеткізуге үйрету. Тыңдалым, айтылым,	Айтылым, салыстыру, сөздік қор	бағыт, аялдама, көше, ауыл жолы, жолаушы	Көлік модельдері, жол белгілері	«Бағытын тап», «Көп пе, аз ба?», «Жүргізуші»	1	05.11.2025

		салыстыру, байланыстырып сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамыту. Жол қозғалысы ережелерін сақтауға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және туған жерін құрметтеуге тәрбиелеу.						
11	Жабайы аңдар және балалары. Жылдам-баяу.	Балалардың жабайы аңдар мен олардың төлдері туралы білімдерін кеңейту. Жабайы аңдардың тіршілік ету ортасын, қоректену ерекшеліктерін, сыртқы белгілерін және төлдерінің атауларын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. «Жылдам – баяу» ұғымдарын салыстыру арқылы сөйлеуде орынды қолдануға, сөз тіркестері мен қарапайым әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатты қорғауға, жануарларға қамқорлық жасауға және қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.	Тыңдалым, айтылым, салыстыру, байланыстырып сөйлеу, сөздік қор	апан, ін, бөлтірік, көжек, қонжық, қарғып жүреді, жыртқыш	Орман макеті, аңдардың көлемді бейнелері, дыбыстық файлдар	«Ізін тап», «Жылдам кім?», «Төлін сәйкестендір», «Орманға саяхат»	1	12.11.2025
12	«Үш аю» ертегісін	Балаларды «Үш аю»	Тыңдалым,	қонақ, орман	Ертегі	«Көлемін	1	19.11.2025

	оқу. Үлкен, орташа, кішкентай.	ертегісінің мазмұнымен таныстырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін түсініп, бағалай білуге үйрету. «Үлкен», «орташа», «кішкентай» ұғымдарын заттарды салыстыру барысында дұрыс қолдануға, оқиға желісін ретімен әңгімелеуге жаттықтыру. Сұрақтарға толық жауап беруге, өз ойын жүйелі жеткізуге және қарапайым диалог құруға дағдыландыру. Тыңдалым, айтылым, есте сақтау, байланыстырып сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, ұқыптылыққа және достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	диалог, монолог, сөздік қор	үйі, ботқа, үлкен, орташа, кішкентай	кітапшасы, маскалар, көлемі әртүрлі заттар	тап», «Ертегіні аяқта», «Кейіпкерді ата»		
13	Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары	Балалардың қыс мезгілі және қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Қысқа тән табиғи өзгерістерді бақылап, оларды қазақ тілінде дұрыс сипаттауға үйрету. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолданып, сөз тіркестері	Тыңдалым, айтылым, сөздік қор, сипаттау	қырау, боран, көктайғақ, ақ ұлпа, суытады	Қыс көріністері, бейнематериал, қар макеті	«Қыс белгісін тап», «Қарама-қарсысын айт», «Не өзгерді?»	1	26.11.2025

		мен қарапайым сөйлемдер құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау және сөздік қорын дамыту. Табиғаттың әсемдігін сезінуге, қоршаған ортаны қорғауға және қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.						
14	Қазақстан байлықтары. 5 дейін санау, кері санау.	Балалардың Қазақстанның табиғи байлықтары туралы білімдерін кеңейту. Табиғи ресурстардың атауларын, олардың адам өміріндегі маңызын қазақ тілінде дұрыс айтуға және қарапайым әңгіме құрастыруға үйрету. 5-ке дейін тура және кері санау дағдыларын бекітіп, сан есімдерді сөйлеуде дұрыс қолдануға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, ойлау, есте сақтау және танымдық қызығушылықтарын дамыту. Туған елдің байлығын құрметтеуге, табиғатты қорғауға және Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Тыңдалым, айтылым, санау, сөздік қор	кен, темір, алтын, мұнай, табиғи байлық	Қазақстан картасы, пайдалы қазбалар суреттері, цифрлар	«Санап көр», «Не үшін қажет?», «Байлықты орналастыр»	1	03.12.2025

15	Киімдер, аяқ киім, бас киім.	Балалардың киім, аяқ киім және бас киім түрлері туралы білімдерін толықтыру. Киімдерді жыл мезгіліне, қолданылуына және ерекшеліктеріне қарай ажыратып, қазақ тілінде дұрыс атауға үйрету. Жаңа сөздерді сөйлем ішінде қолданып, қарапайым әңгіме құрастыруға және сұрақтарға толық жауап беруге жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау және сөздік қорын дамыту. Ұқыптылыққа, тазалық сақтауға және өз заттарына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.	Айтылым, топтастыру, сөздік қор	бәтеңке, етік, бөкебай, қолғап, баскиім	Қуыршақ киімдері, карточкалар	«Киіндір», «Қай мезгілге?», «Артық затты тап»	1	10.12.2025
16	Жаңа жылдық сыйлықтар	Балалардың Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін кеңейту. Мерекелік безендірулер, сыйлықтар және қысқы мерекелерге қатысты жаңа сөздерді қазақ тілінде дұрыс қолдануға үйрету. Заттардың белгілерін сипаттап, қарапайым әңгіме құрастыруға, өз тілектерін еркін жеткізуге	Тыңдалым, айтылым, шығармашылық сөйлеу	шырша, ойыншық, сыйлық, қап, мереке, тілек	Шырша, сыйлық қораптары, суреттер	«Сыйлықты сипатта», «Тілек айт», «Шыршаны сәнде»	1	17.12.2025

		жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, шығармашылық ойлау және сөздік қорын дамыту. Бір-біріне сыйластық танытуға, мейірімділікке және мерекелік мәдениетті сақтауға тәрбиелеу.						
17	Әңгімені мәнерлеп оқу. «Біз қармен қалай ойнадық». Биік-аласа. Тар-жіңішке.	Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесінің мазмұнымен таныстырып, оқиға желісін ретімен айтып беруге үйрету. «Биік – аласа», «тар – жіңішке» ұғымдарын салыстыру арқылы дұрыс қолдануға, қысқы ойындар туралы өз ойын жеткізуге жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, есте сақтау, байланыстырып сөйлеу және салыстыру қабілеттерін дамыту. Достыққа, ұйымшылдыққа және қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	Тыңдалым, мәнерлеп сөйлеу, салыстыру	сырғанақ, аққала, биік, аласа, тар, жіңішке	Сюжетті суреттер, қысқы ойындар бейнесі	«Салыстыр», «Қармен ойнайық», «Әңгімені жалғастыр»	1	24.12.2025
18	Қар жауады. Қатты-жұмсақ. Суық-ыстық.	Балалардың қардың қасиеттері туралы білімдерін кеңейту. Қарама-қарсы мағыналы «қатты – жұмсақ», «суық – ыстық»	Тыңдалым, бақылау, айтылым	ериді, мұздай, үлпек, қатты, жұмсақ	Мұз, мақта, су, тәжірибе құралдары	«Қасиетін анықта», «Жұбын тап», тәжірибе	1	31.12.2025

		сөздерін тәжірибе барысында дұрыс қолдануға, заттардың қасиеттерін сипаттауға үйрету. Қыс мезгілі туралы қарапайым сөйлемдер мен әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, бақылау, есте сақтау және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Табиғат құбылыстарына қызығушылық танытуға, қоршаған ортаны қорғауға және қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.еуін дамыту.						
19	«Үш торай» ертегісін оқу	Балаларды «Үш торай» ертегісінің мазмұнымен таныстырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға бере білуге үйрету. Оқиға желісін ретімен әңгімелеуге, сұрақтарға толық жауап беруге және жана сөздерді сөйлеуде дұрыс қолдануға жаттықтыру. Еңбектің маңызын түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуін, есте сақтауын, қиялын және	Тыңдалым, айтылым, көркем әдебиет	сабан, бұтақ, кірпіш, еңбекқор, берік	Ертегі кейіпкерлері, үстел театры	«Кейіпкерді тап», «Үй құрастыр», драмалау	1	14.01.2026

		тілдік белсенділігін дамыту. Еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, батылдыққа және достыққа тәрбиелеу..						
20	Қыстайтын құстар. Көп, аз, тең	Балалардың қыстап қалатын құстар туралы білімдерін толықтыру. Құстардың атауларын, тіршілік ету ерекшеліктерін және оларға қамқорлық жасаудың маңызын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. «Көп», «аз», «тең» ұғымдарын сөйлеуде дұрыс қолданып, қарапайым сөйлемдер мен әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, салыстыру, есте сақтау және сөздік қорын дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға, табиғатты қорғауға, мейірімділікке және жауапкершілікке тәрбиелеу.	Тыңдалым, салыстыру, айтылым	жемшашар, тоқылдақ, торғай, дән, тең	Құстар макеті, жемшашар, карточкалар	«Жем бер», «Көп пе, аз ба?», «Құсты таны»	1	21.01.2026
21	Жиһаздар. Балықты бақылау	Балалардың жиһаз түрлері, олардың атқаратын қызметі және адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін кеңейту. Жиһаздарды қолданылуына қарай	Тыңдалым, айтылым, бақылау, сипаттап сөйлеу, сөздік қор	жиһаз, кресло, сөре, аквариум, қабыршақ, жүзеді, жем	Жиһаз макеттері, аквариум немесе бейне, карточкалар	«Жиһазды орналастыр», «Балықты сипатта», «Не үшін керек?»	1	28.01.2026

		ажыратып, атауларын қазақ тілінде дұрыс айтуға және оларды сипаттай білуге үйрету. Балықты бақылау арқылы оның сыртқы ерекшеліктерін, қимыл-қозғалысын және тіршілік ету ортасын сипаттап, қарапайым әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, байқағыштық, есте сақтау және танымдық қабілеттерін дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға, үйдегі заттарды ұқыпты пайдалануға және жауапкершілікке тәрбиелеу.						
22	Мамандықтар. Диалогтар	Балалардың мамандықтар туралы білімдерін кеңейту. Өртүрлі мамандық иелерінің еңбегі, олардың қоғамдағы маңызы және пайдаланатын құралдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Мамандық атауларын қазақ тілінде дұрыс айтып, қарапайым диалог құрастыруға, сұрақтарға толық жауап беруге және өз ойын еркін	Диалогтік сөйлеу, тыңдалым, айтылым, сөздік қор	дәріхана, аспап, құрылыс, емдейді, оқытады, пісіреді	Мамандық суреттері, құралдардың макеттері	«Кім не істейді?», «Сұхбат құр», рөлдік ойын	1	04.02.2026

		жеткізуге үйрету. Тыңдалым, айтылым, диалогтік сөйлеу, байланыстырып сөйлеу және сөздік қорын дамыту. Еңбек адамдарына құрмет көрсетуге, еңбексүйгіштікке және қарым-қатынас мәдениетін сақтауға тәрбиелеу.						
23	Тұрмыстық техника. Жеңіл- ауыр. Суық- ыстық	Балалардың тұрмыстық техника түрлері туралы білімдерін кеңейту. Тұрмыстық техникалардың қызметін, адам еңбегін жеңілдетудегі маңызын және оларды қауіпсіз пайдалану жолдарын түсіндіру. «Жеңіл – ауыр», «суық – ыстық» ұғымдарын тәжірибе арқылы меңгертіп, сөйлеу барысында дұрыс қолдануға үйрету. Тыңдалым, айтылым, салыстыру, байланыстырып сөйлеу және сөздік қорын дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу.	Тыңдалым, айтылым, салыстыру, сөздік қор	микротолқынды пеш, үтік, желдеткіш, ауыр, жеңіл, ыстық, салқын	Техника суреттері, қауіпсіздік белгілері	«Қауіпті ме?», «Жұбын тап», «Не көмектеседі?»	1	11.02.2026
24	Кел, жаттығайық!	Балалардың адам денесінің	Тыңдалым,	шынтақ, тізе,	Адам сұлбасы,	«Көрсет және	1	18.02.2026

	Адамның дене мүшелері. Оң-сол	құрылысы туралы білімдерін толықтыру. Дене мүшелерінің атауларын қазақ тілінде дұрыс айтып, олардың атқаратын қызметін түсіндіруге үйрету. «Оң» және «сол» ұғымдарын ажыратып, қимыл-қозғалыс барысында дұрыс қолдануға жаттықтыру. Қарапайым сөйлемдер құрастыруға, сұрақтарға толық жауап беруге және өз ойын анық жеткізуге дағдыландыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау және кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, денсаулықты күтуге және салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.	айтылым, кеңістікті бағдарлау	иық, алақан, оң, сол	айна, карточкалар	ата», «Оң-сол», қимылды жаттығу		
25	Көктем мезгілі. Көктемгі табиғат құбылыстары	Балалардың көктем мезгілі және көктемгі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Табиғаттағы өзгерістерді бақылап, оларды қазақ тілінде дұрыс сипаттауға үйрету. Көктемге қатысты жаңа сөздерді белсенді	Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу	бүршік, жылға, күн жылынды, бәйшешек, тамшы	Көктем суреттері, табиғи материалдар	«Көктемді сипатта», «Белгісін тап», мнеможаттығу	1	25.02.2026

		қолданып, қарапайым әңгіме құрастыруға және өз ойын жүйелі жеткізуге жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, байқағыштық, есте сақтау және сөздік қорын дамыту. Табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға және туған жердің табиғатын сүюге тәрбиелеу.						
26	Ертегі оқу «Торғай мен тышқан». Алдымен, кейін	Балаларды «Торғай мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Оқиға желісін ретімен баяндауға, «алдымен», «кейін», «соңында» сөздерін дұрыс қолданып әңгімелеуге үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға беруге, сұрақтарға толық жауап беруге және қарапайым диалог құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау, есте сақтау және сөздік қорын дамыту. Достыққа, өзара көмек көрсетуге, еңбекқорлыққа және мейірімділікке тәрбиелеу.	Тыңдалым, монологтік сөйлеу	алдымен, кейін, соңында, дән, ұя	Ертегі суреттері, үстел театры	«Ретін тап», «Ертегіні аяқта», драмалау	1	04.03.2026
27	Азық-түліктер.	Балалардың азық-түлік	Тыңдалым,	тары, бидай,	Ұлттық	«Наурызкөже	1	11.03.2026

	Наурыз көже дайындаймыз	түрлері туралы білімдерін кеңейту. Тағамдарды топтастыруға, Наурыз көженің құрамындағы азық-түліктерді қазақ тілінде дұрыс атауға және олардың пайдасын түсіндіруге үйрету. Ұлттық тағамдар туралы қарапайым әңгіме құрастыруға, жаңа сөздерді сөйлеу барысында дұрыс қолдануға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау және сөздік қорын дамыту. Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, дұрыс тамақтануға және қонақжайлыққа тәрбиелеу.	айтылым, топтастыру	құрт, айран, қазы, көже	тағамдардың суреттері	құрастыр», «Дәмін ата», «Топтастыр»		
28	Музыкалық аспаптар шеберханасы. Наурыз мерекесі	Балалардың қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары туралы білімдерін кеңейту. Домбыра, қобыз, жетіген, сырнай және басқа музыкалық аспаптардың атауларын дұрыс айтып, дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Наурыз мерекесінің дәстүрлері туралы әңгімелеп, жаңа	Тыңдалым, дыбыстық қабылдау, айтылым	жетіген, домбыра, қобыз, сырнай, күй	Аспаптар суреттері, аудио	«Дыбысын тап», «Аспапты ата», «Күй тыңдайық»	1	18.03.2026

		сөздерді сөйлеуде дұрыс қолдануға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, музыкалық есту қабілеті мен сөздік қорын дамыту. Ұлттық мәдениетті құрметтеуге, өнерге қызығушылық танытуға және эстетикалық талғамын қалыптастыруға тәрбиелеу.						
29	Ғарышкер боламыз. Адамның дене мүшелері. 5 дейін тура және кері санау	Балалардың ғарыш әлемі туралы білімдерін кеңейтіп, ғарышкер мамандығының ерекшеліктерімен таныстыру. Адам дене мүшелерінің атауларын қайталап, оларды сөйлеу барысында дұрыс қолдануға үйрету. 5-ке дейін тура және кері санау дағдыларын бекітіп, сан есімдерді қарапайым сөйлемдерде қолдануға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау, есте сақтау және танымдық қызығушылықтарын дамыту. Ел мақтаныштарын құрметтеуге, ғылымға қызығушылық танытуға және Отанын сүйуге	Тыңдалым, айтылым, санау, сөздік қор	ғарыш айлағы, скафандр, зымыран, санау	Ғаламшар макеті, зымыран үлгісі	«Ғарышқа ұшамыз», «Сана да орналастыр», «Кім жылдам?»	1	01.04.2026

		тәрбиелеу.						
30	Ғарыш әлемі. Қазақстандық ғарышкерлер	Балалардың ғарыш әлемі туралы білімдерін кеңейту. Ғарыш, ғаламшарлар, жұлдыздар, Күн жүйесі және Қазақстандық ғарышкерлер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Ғарышқа қатысты жаңа сөздерді қазақ тілінде дұрыс айтуға, сөз тіркестері мен қарапайым сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге, өз ойын жүйелі жеткізуге және тақырып бойынша әңгімелеуге жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, есте сақтау, байланыстырып сөйлеу және танымдық қызығушылықтарын дамыту. Қазақстанның мақтаныштарын құрметтеуге, ғылымға қызығушылық танытуға және Отанын сүюге тәрбиелеу.	Тыңдалым, айтылым, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу	ғарыш, ғарышкер, зымыран, Байқоңыр, Жер, Ай, жұлдыз	Ғарыш макеті, Қазақстан ғарышкерлерінің суреттері, бейнематериал	«Ғарышқа саяхат», «Кім ғарышкер?», «Зымыранды құрастыр»	1	08.04.2026
31	Үй жануарлары мен үй құстары	Балалардың үй жануарлары мен үй құстары туралы білімдерін толықтыру және жүйелеу. Үй жануарлары	Тыңдалым, айтылым, салыстыру, сөздік қор	қора, қоражай, мекиен, әтеш, бота, қозы, құлын	Жануарлар мен құстардың муляждары, карточкалар	«Төлін тап», «Даусын тыңда», «Қайда	1	15.04.2026

		мен үй құстарының атауларын, төлдерін, дыбыстарын, қоректену ерекшеліктерін және адамға тигізетін пайдасын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Сөздерді сөйлем ішінде дұрыс қолданып, қарапайым әңгіме құрастыруға, сұрақтарға толық жауап беруге жаттықтыру. Тыңдау, есте сақтау, байланыстырып сөйлеу, салыстыру және ойлау қабілеттерін дамыту. Жануарлар мен құстарға қамқорлық жасауға, табиғатты аялауға және еңбек адамдарының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.				тұрады?»		
32	Ағаштар әлемі. Ақ қайың	Балалардың ағаштар туралы білімдерін кеңейтіп, қайың ағашының құрылымы мен ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Ағаштың бөліктерін қазақ тілінде дұрыс атауға, олардың қызметін қарапайым тілмен түсіндіруге және табиғат нысандарын сипаттайтын сөздерді сөйлеу барысында	Тыңдалым, айтылым, бақылау	дің, тамыр, бұтақ, жапырақ, бүршік, қабық	Табиғи материалдар, ағаш суреттері	«Ағашты құрастыр», «Жапырағын тап», «Қай ағаш?»	1	22.04.2026

		қолдануға үйрету. Қарапайым сөйлемдер мен шағын әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Байқағыштығын, есте сақтауын, байланыстырып сөйлеуін және танымдық белсенділігін дамыту. Табиғатты қорғауға, ағаштарды күтіп-баптауға және қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.						
33	Бұл менің Отаным. Қазақстан	Балалардың Қазақстан Республикасы туралы білімдерін кеңейту және жүйелеу. Мемлекеттік рәміздерді дұрыс танып, олардың атауларын қазақ тілінде анық айтуға, туған жер, Отан туралы қарапайым әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, өз ойын жүйелі әрі түсінікті жеткізуге жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып сөйлеу, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілікке,	Тыңдалым, айтылым, монологтік сөйлеу	Отан, рәміз, елорда, туған өлке, мемлекет	Қазақстан картасы, рәміздер, бейнеролик	«Рәмізді таны», «Менің елім», викторина	1	06.05.2026

		мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, туған жерін мақтан тұтуға және патриоттық сезімге тәрбиелеу.						
34	Жеңіс күні	Балалардың Жеңіс күні мерекесі туралы түсініктерін кеңейту. Батырлардың ерлігі, ардагерлердің еңбегі және бейбіт өмірдің маңызы туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді дұрыс қолданып, сұрақтарға толық жауап беруге, өз ойын жүйелі жеткізуге және қарапайым әңгіме құрастыруға үйрету. Тыңдау, есте сақтау, байланыстырып сөйлеу және тілдік белсенділігін дамыту. Батырларды құрметтеуге, үлкендерді сыйлауға, бейбітшілікті бағалауға және Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Тыңдалым, айтылым, сөздік қор	жеңіс, батыр, ерлік, ардагер, бейбітшілік	Мерекелік суреттер, батырлар портреттері	«Ерлік туралы айт», «Гүл шоғын жаса», сұрақ-жауап	1	13.05.2026
35	Гүлдер әлемінде	Балалардың көктемгі гүлдер туралы білімдерін кеңейту. Гүлдердің атауларын, түстерін, пішіндерін, бөліктерін және	Тыңдалым, айтылым, сипаттау	бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ, күлтеше, гүлзар	Гүл суреттері, гербарий, карточкалар	«Гүлді құрастыр», «Атын ата», «Түсін таңда»	1	20.05.2026

		ерекшеліктерін қазақ тілінде дұрыс атауға және сипаттауға үйрету. Жаңа сөздерді пайдаланып сөз тіркестері мен қарапайым сөйлемдер құрастыруға, өз ойын жүйелі жеткізуге жаттықтыру. Сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуін, қиялын, шығармашылық қабілетін және эстетикалық талғамын дамыту. Табиғаттың әсемдігін сезіне білуге, гүлдерді күтіп-баптауға және қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.						
36	Жайдары жаз	Балалардың жаз мезгілі туралы білімдерін толықтыру және кеңейту. Жазғы табиғаттағы өзгерістерді, ауа райын, өсімдіктер мен жәндіктердің тіршілігін қазақ тілінде сипаттай білуге үйрету. Жаз мезгіліне қатысты жаңа сөздерді сөйлеу барысында дұрыс қолданып, сөз тіркестері мен қарапайым әңгіме құрастыруға жаттықтыру. Тыңдалым, айтылым, байланыстырып	Тыңдалым, айтылым, шығармашылық сөйлеу	жаз, күншуақ, көбелек, өзен, демалыс, жидек	Жаз мезгілінің суреттері, бейнеролик, табиғи материалдар	«Жазды сипатта», «Көбелекті гүлге қондыр», «Не өзгерді?»	1	27.05.2026

		сөйлеу, есте сақтау, бақылағыштық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға және туған жердің табиғатын сүйуге тәрбиелеу.						
--	--	--	--	--	--	--	--	--

Қазақ тілі мұғалімі: Сейлбекова Гүлнара 

Тексерген

Әдіскер: Альжанова Ақмарал Хасенқызы 